



**ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ КҮРЕС
ТОҚТАМАЙДЫ**

4-бет



**БАЛАНЫҢ
КӨҢІЛІ
МҮЛІКТЕН
БАҒАЛЫ**

6-бет



**ӨРТ
ПЕН
ҮКІМ**

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№88 (3619) 21 қараша 2023



ТҰЛҒА

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?



Ақпараттық технологияның өмірімізге дендей енуінің пайдасы мен зияны бірдей болып тұр. Бұл бір жағынан «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып», көптеген қызметтерді кеңселерде кезек күттірмей, үйде отырып алуға жол ашса, екіншіден цифрлық ресурстарда сақталатын жеке мәліметтерімізді қолды етіп, түрлі алаяқтық құрбанына айналдырып жатыр.

(Соңы 3-бетте)



ЖАҚСЫ АДАМДАР ЖАЙЛЫ ЖЫР ТАУСЫЛМАЙДЫ

Елі үшін ерен еңбек етіп, халықтың ықылас-іліпатына бөленген азаматтар аз емес. Ұлағатты істерімен, қарапайым да адамгершілік қасиеттерімен көптің құрметіне ие болған жандар әрдайым халық жадында сақталмақ. Осындай шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Аманжол Қасабекұлы.

Философия ғылымдарының докторы, профессор, ұстаз, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық Жоғары Мектеп Ғылым академиясының академигі, Балтық педагогикалық академиясының құрметті академигі Аманжол Қасабекұлының есімі көпшілікке жақсы таныс.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. Жаны жайсаң Аманжол ағаның өмір жолы, қызметтік жолы, һәм ұстаздық жолы кім-кімге болса да үлгі-өнеге. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендетуге, білім саласын, оның ішінде қазақ философиясын дамытуға сүбелі үлес қосуға арнаған абзал азамат болатын. Ағамыз ширек ғасырдан астам уақыттан бері ғылым жолында жүріп, атақ пен билік ұысында тұрса да, өзінің өмірлік принциптерінен ешуақытта айныған емес. Олар қарапайым ғана ұстанымдар, бірақ, көп адам ұстана алмайтын ұстанымдар.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

НЕКЕ БҰЗУҒА НИЕТТІЛЕРДІҢ КӨПТІГІ АЛАНДАТАДЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді өрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді. Әр отбасының әл-ауқатын жақсарту – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы негізгі міндеттің бірі», – деген еді.

Отбасы – мемлекеттің негізгі іргетасы. Бәріміз алтын ұямызда «Отан – отбасынан басталады» деген қағидамен ер жеттік. Бойымыздағы мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік, мәрттік секілді асыл қасиеттер де отбасымыздағы тәрбиенімен бойымызға сіңді. Ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүр мен даналық сөздерді, тәрбиенің жоғары үлгілерін сіңіретін де – отбасы. Алайда, елімізде шаңырағы шайқалып, сүттей ұйыған отбасының бір сәтте берекеті кетіп, соңы ажырасумен тынуы көбейіп барады. Өздеріңізге белгілі, «саған – әйел, маған – күйеу табылады» дейтін ата-анадан бұрын мұның зардабын тартатын алдымен бала. Сонда төрт құбыласы тең

емес ортада ер жеткен ұрпақтан не күтеміз?!

Өңір соттарындағы неке бұзу даулары бойынша 2020 жыл мен 2023 жылдар аралығына статистикалық есеп жүргізілді. Бірақ, соттағы неке бұзу даулары бойынша жасалған бұл статистика көңілді көншітпесі анық. Мәселен, 2020 жылы неке бұзу бойынша соттарға 2650, 2021 жылы – 3271, 2022 жылы – 3484, 2023 жылдың 9 айында 2899 талап қою түскен. Бұл цифрлар елімізде жыл сайын неке бұзуға ниеттілердің көбейіп отырғанын көрсетті.

Сондықтан, судья ретінде соттарда осындай неке дауларының алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізіп, некені сақтап, жұптарды қайта жарастыруға «тамшыдай» үлес қосу азаматтық парызым деп білемін. Бүгінде сот-

тарда арнайы татуластырушы судьялар бар. Шама-шарқымыз келгенше сотқа ажырасамын деп келгендерді татулыққа шақырамыз, арнайы уақыт белгілейміз. Алайда, уақыт біріне жетсе, біріне жетпей жататыны жасырын емес. Мысалы, 2020 жылы соттармен неке бұзу бойынша 627 татуласу келісімі бекітіліп, 14 іс татуласумен қайтарылса, 113 іс татуласумен қараусыз қалдырылды. Ал, 2023 жылдың 9 айында татуласумен қайтарылғаны – 159, татуласумен қараусыз қалдырғаны – 559-ға жетті. Әрине, мұндай сәтте өзге де ұйымдардың қолдауы қажет-ақ.

Осы орайда, Маңғыстау соттарының Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесімен бірлесіп отырып атқарған жұмыстарының бір бөлшегіне тоқталғанды жөн санаймын. Оның ішінде, мыңдаған неке бұзу бойынша жүгінген азаматтардың отбасын сақтап, өңірде дауларды сотқа дейін шешу бағытында атқарылған жұмыстарды атап өткен жөн. Алдымен Маңғыстау облысы Қа-

зақстан халқы Ассамблеясы ғимаратында арнайы «Отбасы орталығы» және Жаңаөзен қаласының АХАТ бөлімінің ғимаратында отбасылық кеңес беру кабинетін ашып, медиатор, психологтардың жұмыс істеуіне жол салдық. Медиацияны жүргізу бойынша медиаторға берілетін сыйақы сомасы ерікті түрде белгіленеді. Сондықтан, тәжірибемізде азаматтардың медиатордың қызметіне ақы төлей алмайтын кездері кездесіп жатады. Түптеп келгенде, медиатор қызметінің қолжетімсіздігі тараптардың мемлекеттік бажды ғана төлеп, сотқа жүгінуіне алып келеді. Көбіне талап қоюшылар медиаторға барып ақы төлегенше, сотта тегін бітімге келгенді артық көреді. Ал, біздің жоғарыда аталған орталықтарда психолог, медиаторлар келушілерге тегін қызмет көрсетеді. Бәрі қалтадағы қаржыға тірелетіндіктен, тараптар үшін бұл таптырмас мүмкіндік беріп отыр. Себебі, отбасын сақтап қалу мақсатында тараптарға және балаларға алдымен психологиялық көмек ауадай қажет.

(Соңы 3-бетте)

